


**«БЕКІТЕМІН»**  
**Ақмола облысы**  
**Ішкі саясат басқармасы**  
**жанындағы**  
**«Қоғамдық келісім» КММ**  
**басшысы**



**Шакшақов Қ.Ғ.**

**2026 жыл**

## **«ШАҢЫРАҚ» МОБИЛОГРАФТАР МЕН БЛОГЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН КРЕАТИВТІ ХАБ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

### **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

**1.1.** «Шаңырақ» креативті хабын (бұдан әрі — Хаб) өткізу туралы осы Ереже жастардың шығармашылық әлеуетін қолдау және мобилографтар мен блогерлер арасында медиа-контент жасау дағдыларын дамыту мақсатында әзірленді. Хаб цифрлық медиа форматтар арқылы қоғамдық келісім, этносаралық үйлесім және Қазақстан халқының бірлігі құндылықтарын насихаттауға бағытталған.

**1.2.** Хабтың ұйымдастырушысы — Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы жанындағы «Қоғамдық келісім» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

**1.3.** Хаб мобилографияға, блогерлікке және контентті жасау мен таратуға арналған цифрлық технологияларға қызығушылық танытатын жастарға арналған. Сонымен қатар, қоғамдағы бейбітшілік, бірлік және келісім құндылықтарын насихаттайтын медиа-контентті дамытуға бағытталған.

### **2. ХАБТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

**2.1.** Хабтың мақсаты — жастардың шығармашылық әлеуетін қолдау және дамыту, мобилографтар мен блогерлер арасында тәжірибе алмасуға арналған алаң құру, сондай-ақ заманауи цифрлық контент арқылы қоғамдық келісім, этносоциальдық үйлесім және ұлттық бірлік құндылықтарын насихаттау.

**2.2.** Хабтың міндеттері:

- Контент (бейне, блогтар) жасаумен айналысатын жастарды біріктіру және этносаралық келісім мен ұлттық бірлік құндылықтарын тарату.
- Әлеуметтік желілер мен басқа да цифрлық платформалар арқылы сапалы медиа-контент жасау дағдыларын дамыту.
- Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін креативті және қолжетімді контент арқылы насихаттау.
- Бірлік, толеранттылық, этносоциальдық келісім және мәдениетаралық диалог сияқты мәдени және ұлттық құндылықтарды дәріптеу.

### **3. ХАБ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ**

**3.1.** Хабқа мобилографияға, блогерлікке және әлеуметтік желілер мен басқа цифрлық платформаларға арналған медиа-контент жасауға қызығушылық танытатын **18 бен 35 жас аралығындағы Ақмола облысының тұрғындары** қатыса алады.

**3.2.** Қатысушылар әлеуметтік желілерде (Instagram, Threads, TikTok, YouTube, Facebook және басқа платформаларда) белсенді болуы және бейне және басқа цифрлық контент түрлерін жасауға қызығушылық танытуы тиіс.

**3.3.** Әр қатысушы **бір ғана өтінім беріп, әртүрлі форматтағы (бейне, мультимедиялық жобалар) 3 жұмысқа дейін** ұсына алады.

**3.4.** Қатысушының әлеуметтік желідегі аккаунтында **кемінде 5 000 жазылушы** болуы тиіс.

**3.5.** Байқауға ұсынылған бейнематериалдар немесе басқа контент ұйымдастырушы — «Қоғамдық келісім» КММ-нің ресми әлеуметтік желі парақшаларында **бірлескен авторлық (co-author) құқығымен** жарияланады.

**3.6.** Қатысушы ұсынылған контентті ұйымдастырушылардың кейінгі ақпараттық мақсаттарда пайдалануына келісім береді. Авторлық құқық сақталады және автордың аты-жөні көрсетілуі мүмкін.

### **4. ХАБТЫ БАСҚАРУ**

**4.1.** Хабтың құрылтайшысы — Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы.

**4.2.** Хабты ұйымдастырушылар:

- Хаб аясындағы іс-шараларды ұйымдастырады және өткізеді;
- Қазылар алқасының құрамын қалыптастырып, бекітеді.

**4.3.** Қазылар алқасы ұсынылған жұмыстарды бағалап, жеңімпаздарды анықтайды.

**4.4.** Хаб жеңімпаздары алдын ала белгіленген критерийлер негізінде анықталады. Бағалау барысында жұмыстың **түпнұсқалығы, креативтілігі және мазмұндық маңыздылығы** ескеріледі.

## **5. ХАБТЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ**

**5.1.** Қатысушылардың жұмыстары **2026 жылғы 13 наурыздан 13 сәуірге дейін** қабылданады. Қорытынды шығару **23 сәуірде** өтеді.

**5.2.** Байқау бірнеше кезеңде өткізіледі:

- Өтінімдер мен материалдарды қабылдау;
- Қазылар алқасының жұмыстарды бағалауы және үздік жұмыстарды іріктеу;
- Жеңімпаздарды марапаттау рәсімі.

**5.3.** Жеңімпаздарды марапаттау рәсімі **2026 жылдың сәуір айының соңында** өтеді.

**5.4.** Белгіленген мерзімнен кейін немесе талаптарға сәйкес келмейтін жұмыстар қабылданбайды.

## **6. ЖҰМЫСТАРДЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

**6.1.** Ұсынылған жұмыстар келесі критерийлер бойынша бағаланады:

- Хаб тақырыбына сәйкестігі (қоғамдық келісім, этносаралық үйлесім, Қазақстан халқының бірлігі);
- Контент жасаудағы шығармашылық тәсіл және түпнұсқалық;
- Визуалды контенттің сапасы (бейне);
- Нысаналы аудиторияға ықпалы (жастар мен жалпы қоғам);
- Бірлік пен келісім құндылықтарын насихаттаудағы өзектілігі мен маңыздылығы.

## **7. ӨТІНІМДІ РӘСІМДЕУ ТАЛАПТАРЫ**

**7.1.** Хабқа қатысуға өтінім беру қатысушының осы Ереженің шарттарымен толық келісетінін білдіреді.

7.2. Өтінім келесі ақпараттарды қамтуы тиіс:

- Қатысушының толтырылған сауалнамасы;
- Шығармашылық жұмыстар: бейнежазбалар, мультимедиялық жобалар (3 жұмысқа дейін);
- Қатысушының әлеуметтік желілердегі парақшаларына сілтемелер.

7.3. Өтінім электрондық түрде келесі электрондық пошта арқылы қабылданады:

**E-mail:** [aslan\\_80\\_80@mail.ru](mailto:aslan_80_80@mail.ru)

## 8. СЫЙЛЫҚТАР МЕН МАРАПАТТАР

Хаб жеңімпаздары келесі жүлделермен марапатталады:

- **1 орын — 100 000 теңге**
- **2 орын — 75 000 теңге**
- **3 орын — 50 000 теңге**

Сонымен қатар, ынталандыру сыйлықтары қарастырылған:

- Электр пеші
- Астауға арналған жинақ
- Алиса станциясы

## 9. БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Телефон: +7 702 487 9211

E-mail: [aslan\\_80\\_80@mail.ru](mailto:aslan_80_80@mail.ru)

Жауапты тұлға:

**Оспанов Аслан Нигметжанович** — БАҚ-пен өзара іс-қимыл, интернет-ресурстар мен әлеуметтік желілерді мониторингтеу бөлімінің басшысы.

### ҚОСЫМША 1

**«Шаңырақ» креативті хабына қатысуға ӨТІНІМ**

#### 1. Қатысушы туралы мәліметтер

- Ақмола облысы, елді мекен:

- Тегі, аты, әкесінің аты:
- Туған жері және жылы:
- Тұрақты тұратын мекенжайы:
- Байланыс телефоны:
- Әлеуметтік желілердегі парақшаларына сілтемелер (бар болса):

## 2. Шығармашылық материалдар

- Фото (3 жұмысқа дейін)
- Бейне (3 жұмысқа дейін)
- Мультимедиялық жобалар (қалауы бойынша)